



БІРЫҢҒАЙ ГРАНТ ОПЕРАТОРЫ

азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы

Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2025 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

Тапсырыс беруші: Маңғыстау облысының білім басқармасы

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ
Астана 2025**

1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:

Оператор 2025 жылға арналған үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру конкурсы туралы хабарландыруды 2025 жылғы 26 маусымда Маңғыстау облысының Білім басқармасының тапсырысы бойынша жариялады:

<https://cisc.kz/mangghystau-oblysynyng-bilim-basqarmasynyng-tapsyrysty-bojynsha-konkurs-zhariyalanady/>

<https://cisc.kz/ru/obyavlyaetsya-konkurs-po-zakazu-upravlenie-obrazovaniya-mangistauskoj-oblasti/>

<https://www.instagram.com/p/DLh-iPBIhuo/?igsh=MjV4NHkxZGo5c2Rx>
https://www.instagram.com/p/DLh-n_NoJ1G/?igsh=MTU3bGk1ZWE1N2NjbA==

Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі 2025 жылғы 21 шілде болып белгіленді.

2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Есептік кезеңде Оператор Басқарманың 6 басым бағыт бойынша 6 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады:

№	Басым бағыт	Грант саны	Грант сомасы
1	Орта білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру, педагогтар мен білім алушыларда кездесетін мәселелерді мақсатында мектепшілік бақылауды жақсарту жұмыстарын ұйымдастыру	1	10 000 000
2	Аймақтағы білім беру саласының озық тәжірибелері жөнінде кешенді ақпараттық жұмысты жүргізу	1	11 796 000
3	Өңірдің мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру	1	10 000 000
4	Аймақтағы арнайы білім беру ұйымдарындағы кадрлардың біліктілігін арттыру	1	11 000 000
5	Аймақтағы оқушылар мен олардың ата-аналарының бойында отбасылық-ұлттық құндылықтарды қалыптастыру	1	11 796 000
6	Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қалыптастыру және дамыту	1	11 796 000

3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:

Конкурс нәтижелері бойынша 4 үкіметтік емес ұйыммен 6 келісімшарт жасалды:

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Грант түрі	Ұйым атауы	Шарттың нөмірі мен күні
1	Білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы	Орта білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру, педагогтар мен	қысқа мерзімді	«Маңғыстау жергілікті	29.09.2025 ж. №91.

	мақсаттарға қол жеткізу	білім алушыларда кездесетін мәселелерді мақсатында мектепшілік бақылауды жақсарту жұмыстарын ұйымдастыру		бастамалар орталығы» ҚҚ	
2	Білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу	Аймақтағы білім беру саласының озық тәжірибелері жөнінде кешенді ақпараттық жұмысты жүргізу		«Маңғыстау жергілікті бастамалар орталығы» ҚҚ	29.09.2025 ж. №92.
3.	Білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу	Өңірдің мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру		«Игі жастар» ҚҚ	29.09.2025 ж. №87.
4.	Білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу	Аймақтағы арнайы білім беру ұйымдарындағы кадрлардың біліктілігін арттыру		«Қолдау орталығы» ЖМ	29.09.2025 ж. №89
5.	Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу	Аймақтағы оқушылар мен олардың ата-аналарының бойында отбасылық- ұлттық құндылықтарды қалыптастыру		Көмек командасы» ҚҚ	29.09.2025 ж. №90.

6.	Білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу	Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қалыптастыру және дамыту		«Қолдау орталығы» ЖМ	29.09.2025 ж. №88.
----	---	--	--	----------------------	-----------------------

4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:

2025 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес «Білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу» саласы бойынша 5 жобаны, «Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу» саласы бойынша 1 жобаны жүзеге асырды.

5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Басқарма 66 388 000 теңгені құрайтын 6 гранттық жоба ұсынды.

6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Есепті кезеңде Басқарманың мемлекеттік грантын іске асыру барысында бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Қазақстандық ұйымдар арасынан гранттарды іске асыруға тартылған серіктестер туралы мәліметтер:

№	Грант алушының атауы	Жобаның атауы	Ұйымның атауы	Басшының ТАӘ	Байланыс деректері	Заңды мекенжайы
1	«Маңғыстау жергілікті бастамалар орталығы» ҚҚ	Орта білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру,	Маңғыстау телеарнасы	Оқуов Нұрбол директор	+7701570091 0	-
		педагогтар мен білім алушыларда кездесетін мәселелерді мақсатында	Маңғыстау медиа ЖШС	Тындырғанова Лаура директор орынбасары	+7 701 869 4040	-

		мектепшілік бақылауды жақсарту жұмыстарын ұйымдастыру	«Айрық» қоғамдық қоры	Бақытжан Даниял	87751693538	-
2	«Маңғыстау жергілікті бастамалар орталығы» ҚҚ	Аймақтағы білім беру саласының озық тәжірибелері жөнінде кешенді ақпараттық жұмысты жүргізу	Маңғыстау телеарнасы	Оқуов Нұрбол директор	+77015700910	-
			Маңғыстау медиа ЖШС	Тындырғанова Лаура директор орынбасары	+7 701 869 4040	-
			«Айрық» қоғамдық қоры	Бақытжан Даниял	87751693538	-
3	«Игі жастар» ҚҚ	Өңірдің мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру	-	-	-	-
4	«Қолдау орталығы» ЖМ	Аймақтағы арнайы білім беру ұйымдарындағы кадрлардың біліктілігін арттыру	“Parasat Pro” қоғамдық қоры	Ұйым директоры Ғазиз Ізтұрғанов	8 708 157 94 81	-
5	Көмек командасы» ҚҚ	Аймақтағы оқушылар мен олардың ата-аналарының бойында отбасылық-ұлттық құндылықтарды қалыптастыру	-	-	-	-
6	«Қолдау орталығы» ЖМ	Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қалыптастыру және дамыту	“Parasat Pro” қоғамдық қоры	Ұйым директоры Ғазиз Ізтұрғанов	8 708 157 94 81	-

8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, жөні, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:

Қарастырылған гранттық бастамалар барлық бағыттар бойынша жоспарланған көлемде сәтті іске асырылып, айқын әлеуметтік әсер көрсетті. Іс-шараларды ұйымдастырудың жоғары сапасы мен қатысушылардың белсенділігі жоба мақсаттарына толық қол жеткізілгенін растайды. Алынған кері байланыс бойынша қатысушылардың басым көпшілігі өткізілген шараларды пайдалы және сапалы деп бағалады, бұл жобалардың тақырыптық өзектілігі мен тәжірибелік құндылығын көрсетеді.

Жобаларды одан әрі жетілдіруге арналған негізгі ұсынымдар ретінде тұрақты мониторинг жүйесін енгізу, нәтижелерді тереңірек талдау, сондай-ақ онлайн-форматтағы іс-шаралар санын көбейту арқылы аудиторияны кеңейтуді ұсынуға болады. Серіктестік желілерін нығайту және әдістемелік материалдарды алмасу жоба тәжірибесін тұрақты дамытуға мүмкіндік береді. Соңында, жоба нәтижелерін кеңінен насихаттау және оларды бөлісу — болашақтағы ұқсас бастамалардың тиімділігін арттырудың маңызды факторы болып табылады.

12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшысы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды. Есептің әрбір данасы тігіледі, тігіс түйініне және ішінара құжаттың парағына желімделген қағаз пломбамен бекемделеді. Мөрдің бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылуы тиіс.

13. Есеп «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру саласындағы оператормен жасалды.

**Басқарма Төрағасының м.а.
Бас бухгалтер**

**Каримова А.Е.
Ибраева Ш.З.**

*Үкіметтік емес ұйымдарды
гранттық қаржыландыру
саласындағы оператордың өз
қызметінің нәтижелері туралы
есепке 1-қосымша*

1. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Игі жастар» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Кожухметов Серик Кошкарбаевич

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Маңғыстау, Ақтау қ., 27 ш/а, 5 үй, пәтер 31 +7 (776)6828533

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Өңірдің мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру»

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету)

2025 жылғы «25» қыркүйектен бастап 2025 жылғы «25» желтоқсанға дейін

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

10 000 000 (он миллион) теңге

2. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Елеусинова Милана Аминовна

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, г.Форт-Шевченко қ., Оңғалбайұлы көш., 3 үй, +7 702 903 9168

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қалыптастыру және дамыту»

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету):

2025 жылдың «29» қыркүйегі мен 2025 жылдың «25» желтоқсаны аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

11 796 000 (онбір миллион жеті жүз тоқсан алты мың) теңге

3. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Елеусинова Милана Аминовна

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, г.Форт-Шевченко қ., Оңғалбайұлы көш.,
3 үй, +7 702 903 9168

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Аймақтағы арнайы білім беру ұйымдарындағы кадрлардың біліктілігін арттыру»

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету):

2025 жылдың «29» қыркүйегі мен 2025 жылдың «25» желтоқсаны аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

11 000 000 (он бір миллион) теңге

4. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Көмек командасы» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Айтбай Қанат Сәлімгрейұлы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 27 ш/а, дом 31 үй, кеңсе 29 +7 775 469 9977

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Аймақтағы оқушылар мен олардың ата-аналары арасында отбасылық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру»

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету):

2025 жылдың «29» қыркүйегі мен 2025 жылдың «26» желтоқсаны аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

11 790 000 (он бір миллион жеті жүз тоқсан мың) теңге

5. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Маңғыстау жергілікті бастама орталығы» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Маханбетова Жақсыгүл Шахзадақызы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Ақтау қ., 130000, 34 ш/а №9 Достық үйі, кеңсе 29, +7 701 335 8106

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Орта білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру, педагогтар мен білім алушыларда кездесетін мәселелерді мақсатында мектепшілік бақылауды жақсарту жұмыстарын ұйымдастыру»

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету):

2025 жылдың «29» қыркүйегі мен 2025 жылдың «26» желтоқсаны аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

10 000 000 (он миллион) теңге

6. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Маңғыстау жергілікті бастама орталығы» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Маханбетова Жақсыгүл Шахзадақызы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Ақтау қ, 130000, 34 ш/а №9 Достық үйі, кеңсе 29, +7 701 335 8106

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Аймақтағы білім беру саласының озық тәжірибелері жөнінде кешенді ақпараттық жұмысты жүргізу»

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету):

2025 жылдың «29» қыркүйегі мен 2025 жылдың «26» желтоқсаны аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

11 796 000 (онбір миллион жеті жүз тоқсан алты мың) теңге

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Игі жастар» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: Өңірдің мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру.

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Маңғыстау облысының мемлекеттік мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарының басшы және педагог кадрларының мектепшілік бақылауды ұйымдастыру мәселелері бойынша тәжірибе алмасуын қамтамасыз ету.

1-іс-шара. Мектепшілік бақылау жүргізу, ішкі мониторинг жүйесін енгізу, педагогикалық процесті жоспарлау және бағалау бағыттары бойынша тәжірибе алмасуға арналған кәсіби іс-шара өткізу.

2025 жылдың 25-27 қараша күндері облыстың мемлекеттік мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарының басшы және педагог кадрларына арналған мектепшілік бақылауды ұйымдастыру мәселелері бойынша тәжірибе алмасу семинары өтті. Семинарға барлығы 170 адам қатысты. Тренерлер Тажибаев Булатбек Толқумбекович және Нұрова Рысгүл Жұмажанқызының жетекшілігімен қатысушылар мектепшілік бақылаудың заманауи тұжырымдамасы, нормативтік-құқықтық негіздері, тиімді жоспарлау принциптері мен бақылау әдістемесін терең талдады. Конструктивті кері байланыс беру мәдениеті, ішкі мониторинг жүйесін құру, деректерді талдау және басқарушылық шешім қабылдау дағдылары бойынша практикалық жұмыстар жүргізілді.

Педагогикалық процесті жоспарлау мен бағалаудың тиімді тәсілдері талқыланып, қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, мектепшілік бақылауды жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар қалыптастырды. Семинарды мазмұнды өткізуі қатысушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға және мектепшілік бақылаудың тиімді моделін қалыптастыруға ықпал етті. Іс-шара қатысушыларының арасында кәсіби құзыреттілігі туралы сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде, жоба қатысушыларының кәсіби құзыреттілігінің артқаны 95-99 % құрады.

Әлеуметтік желідегі жарияланым

https://www.instagram.com/p/DRYsBpADHyW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA ==

https://www.instagram.com/p/DRfYgDOjEes/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA ==

https://www.instagram.com/reel/DRfZAfhDKoH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA ==

https://www.instagram.com/reel/DRhKjX9jgPL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA ==

https://www.instagram.com/p/DRhRYBJDGkZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA ==

https://www.instagram.com/reel/DRhZm6fDOjT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA ==

https://www.instagram.com/p/DRjsFzIDGcb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA ==

https://www.instagram.com/reel/DRkGYXiDJiC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA ==

2-міндет. Республикалық мамандарды тарта отырып Облыстың мемлекеттік жалпы білім беру және мектепке дейінгі білім беру

ұйымдарының кемінде 300 басшысын құқықтық оқыту жөніндегі іс шараларды ұйымдастыру

1-іс-шара. Білім беру ұйымдары басшыларына арналған құқықтық оқыту семинарлары. Мазмұны: білім саласындағы нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істеу, еңбек заңнамасы, басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде құқықтық нормаларды қолдану

10-13 қараша 2025 жыл аралығында Ақтау қаласында Облыстың мемлекеттік жалпы білім беру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшыларына арналған құқықтық оқыту семинары өтті. Онлайн форматта ZOOM платформасы арқылы ұйымдастырылған семинарға 320 адам қатысты. Семинар барысында қатысушылар білім беру саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді, соңғы өзгерістер мен жаңалықтарды талқылады.

Педагогтерді аттестаттауды өткізу тәртібі мен құжаттама талаптары, білім беру ұйымдарының қаржылық дербестігін қамтамасыз ету жолдары, еңбек қатынастарын реттейтін заңнамалық нормалар және құқықтық-құжаттық мәселелерді дұрыс әзірлеу мен қолдану тәсілдері практикалық мысалдар арқылы түсіндірілді.

Сонымен қатар, нақты кейстерді талдау арқылы педагогикалық қызметтегі құқықтық тәуекелдерді азайту дағдылары дамытылды. Семинарда қатысушыларға құқықтық бағыттағы мазмұнды ақпараттар мен түсіндірмелерді арнайы шақырылған тренерлер: Култуманова Алмагуль Жабатаевна, «Өрлеу» БАҰО» АҚ төраға кеңесшісі; Кидирбаева Райхан Мамашиевна, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері кәсіподағының құқықтық бөлімінің басшысы; Мухамбетжанова Гульден Есмуратовна, «Өрлеу» БАҰО» АҚ бас маманы; сондай-ақ Кашкинбаева Гульзаираш Сансызбаевна, «Өрлеу» БАҰО» АҚ бас маманы жүргізді.

Шарада сарапшылар мен заңгерлердің түсіндірмелері, практикалық мысалдар мен нақты жағдайларды талдау қатысушыларға құқықтық сауаттылықты арттыруға, нормативтік-құқықтық актілерді тиімді қолдануға мүмкіндік берді. Қатысушылар өз сұрақтарын қойып, кері байланыс алу арқылы білімдерін бекітіп, тәжірибелік дағдыларын жетілдірді.

https://www.instagram.com/p/DQwZT7zDFUQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DRC1REhDAY6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

3-міндет. Республикалық мамандарды тарта отырып Облыстың мемлекеттік жалпы білім беру ұйымдары басшыларының кемінде 150 орынбасарын оқыту жөніндегі іс шараларды ұйымдастыру.

1-іс-шара. Білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларына арналған оқыту. Мазмұны: оқу-тәрбие процесін басқару, әдістемелік жұмыс жүргізу, педагогтермен жұмысты ұйымдастыру, сапа мониторингін жоспарлау.

2025 жылдың 12,14,18 қараша күндері Ақтау қаласындағы №34 жалпы білім беретін мектепте облыстың мемлекеттік білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларына арналған семинар өтті. Семинарға 150 басшы орынбасары қатысты.

Семинардың мақсаты – білім беру ұйымы басшыларының орынбасарларына оқу-тәрбие процесін тиімді басқару, әдістемелік қызметті ұйымдастыру және сапа мониторингін жоспарлау бойынша заманауи тәсілдерді меңгерту, тәжірибе алмасу арқылы кәсіби өзара әрекет пен ынтымақтастық мәдениетін дамыту.

Бағдарламада басқарудағы заманауи трендтер, сапа мониторингін жоспарлау, педагогикалық ұжымды дамыту және мектепшілік сапаны басқару мәселелері қарастырылды. Қатысушылар тәжірибелік тапсырмалар орындап, тиімді басқару модельдерін әзірледі.

https://www.instagram.com/p/DQ3z1abjNM1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DQ9L3icDN20/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQ9XfVxDEgm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA ==
https://www.instagram.com/p/DRCPZZUjNaB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA ==
https://www.instagram.com/reel/DRCWbX_jFYn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA ==
https://www.instagram.com/p/DRMivkAjAP6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA ==
https://www.instagram.com/reel/DRM69dfjLbT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA ==
https://www.instagram.com/p/DRR6F-PCCjX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA ==

4-міндет. Республикалық мамандарды тарта отырып, Облыстың мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының кемінде 120 педагогінің біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.

1-іс-шара. Мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курсы. Мазмұны: жаңартылған мазмұнмен оқыту, ойын арқылы дамыту әдістері, инклюзивті білім беру тәсілдері, бала дамуын бақылау және құжат жүргізу.

Маңғыстау облысының мектепке дейінгі ұйымдары педагогтеріне арналған «Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістік даму ортасын ұйымдастыру» тақырыбындағы біліктілік арттыру курсы 120 педагог толық меңгеріп, сертификат алды. Курс 4 топ бойынша (әр топта 30 педагог)

онлайн форматта өтті. Тренерлер: Тажибаев Булатбек Толқумбекович және Қарабатыр Инабат Қайратқызы. Ұзақтығы: 72 академиялық сағат. Курс барысында педагогтер:

- заттық-кеңістіктік орта құрудың заманауи тұжырымдамаларын;
- ECERS шкалалары арқылы сапаны бағалау тәсілдерін;
- балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға

бағытталған жобалау әдістерін;

- цифрлық бағалау құралдарын қолдану мүмкіндіктерін меңгерді.

https://www.instagram.com/p/DQTsHYpDDBV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA ==
https://www.instagram.com/p/DQrrp9YjLhS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA ==
https://www.instagram.com/reel/DQtcWI4jMVS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA ==
https://www.instagram.com/p/DRR6nfTjJAW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA ==

5-міндет. Білім беру ұйымдары басшыларына арналған «Мектептің мәдени коды: құндылыққа негізделген басқару моделі» тақырыбындағы семинар-практикум ұйымдастыру

1-іс-шара. «Мектептің мәдени коды: құндылыққа негізделген басқару моделі» тақырыбындағы семинар-практикумды өткізу. Іс-шараны мектептің мәдени кодын қалыптастыру арқылы құндылыққа негізделген басқару моделін дамытуға бағыттау. Семинар-практикум барысында білім сапасын арттыру мен басқару үдерісінде құндылықтар жүйесін енгізу мәселелеріу талқылау.

17.11.2025 ж. «Mangystau Education Pro» жобасы аясында 30 адам қамтылған «Мектептің мәдени коды: құндылыққа негізделген басқару моделі» атты семинар-практикум өтті.

Шараның мақсаты – мектептің мәдени кодын қалыптастыру арқылы құндылыққа негізделген басқару моделін дамыту, білім сапасын арттыру және мектеп басшыларының кәсіби басқарушылық құзыреттерін жетілдіру.

Семинар барысында мектеп директорлары құндылыққа негізделген басқарудың тиімді тетіктерін талқылап, мектеп мәдениетінің сапаға ықпалы туралы тәжірибелерімен бөлісті. Оқу жетістіктерін саралау, зерттеуші педагог дайындау, кәсіби көшбасшылықты дамыту бағыттарында нақты әдістер ұсынылды.

Мұнайлы ауданының үздік мектеп тәжірибелері таныстырылып, құндылықтар жүйесін басқару үдерісіне енгізу жөнінде ортақ ұсыныстар қабылданды. Шара нәтижесінде қатысушылар өз мектептерінің мәдени кодын айқындауға арналған нақты әрекеттер жоспарын әзірледі.

Сонымен қатар облыс мектептері арасындағы кәсіби серіктестікті күшейту мақсатында Білім басқармасы жанынан облыстық «Директорлар кеңесі» құрылды. Семинар соңында Маңғыстау облысы білім басқармасы атынан спикерлер мен белсенді қатысушыларға алғыс хаттар табысталды.

https://www.instagram.com/p/DRINd6IDPiZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

[https://www.instagram.com/p/DRKrckfDHFS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA ==](https://www.instagram.com/p/DRKrckfDHFS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

[https://www.instagram.com/reel/DRKyqgjiKO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA ==](https://www.instagram.com/reel/DRKyqgjiKO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

«Mangystau Education Pro» жобасының орындалысы туралы қорытынды ақпараттық жарияланым

«Mangystau Education Pro» жобасының қорытындысы туралы ашық презентация алдын ала әлеуметтік желілерде анонс жасалғаннан кейін, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының өкілдерінің қатысуымен Zoom платформасы арқылы өткізілді. Қорытынды презентация әлеуметтік желілерде жарияланды.

[https://www.instagram.com/p/DRg_BzUDP8d/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA ==](https://www.instagram.com/p/DRg_BzUDP8d/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

[https://www.instagram.com/reel/DRjCsaijMhu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA ==](https://www.instagram.com/reel/DRjCsaijMhu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

<https://www.facebook.com/cisc.kz/videos/865385689362312/>

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

Жоба аясындағы шараларды әлеуметтік желі арқылы ақпараттандыру

Жоба аясындағы шараларды әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру жүргізілді. Әлеуметтік желілерге арналған 29 пост жарияланды, жалпы қаралым саны 10 мыңнан асты.

- 1) https://www.instagram.com/p/DSPFUknjG3Z/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
- 2) https://www.instagram.com/p/DSPIIdVmJc95/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
- 3) ...

Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат орналастыру

Бұқаралық ақпарат құралдарында да ақпарат орналастырылды: «Маңғыстау» және «Жаңаөзен» газеттерінде тұрғындарды әлеуметтік жоба туралы хабардар ету мақсатында 2 материал, ал «Отран news.kz» ақпараттық порталында 1 ақпараттық материал жарияланды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

«Mangystau Education Pro» әлеуметтік жобасының негізгі мақсаты – Маңғыстау облысындағы мемлекеттік мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарының басшы және педагог кадрларының кәсіби құзыреттілігін арттыру, басқару сапасын жетілдіру, мектепшілік бақылау, құқықтық сауаттылық және құндылыққа негізделген басқару мәдениетін дамыту болды.

Жоба аясында жоспарланған барлық міндеттер толық орындалып, 2025 жылдың қараша айында 5 бағыт бойынша оқыту және тәжірибе алмасу іс-шаралары ұйымдастырылды. Нәтижесінде:

- мектепшілік бақылау бойынша тәжірибе алмасу семинарына – 170 педагог пен басшы;
- құқықтық оқыту семинарына – 300 білім беру ұйымы басшысы;
- басқару кадрлары (басшы орынбасарлары) үшін семинарларға – 150 қатысушы;
- мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курсына – 120 педагог;

Барлығы 840-тан астам білім беру саласының мамандары тікелей қамтылып, кәсіби білімдері мен басқарушылық дағдыларын жетілдірді.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба мақсатына қол жеткізілгені нақты ұйымдастырылған іс-шаралармен және өлшенетін көрсеткіштермен дәлелденеді. Атап айтқанда: - республикалық деңгейдегі тәжірибелі тренерлер мен сарапшылар тартылды;

- барлық семинарлар мен курстар бекітілген бағдарламаларға сәйкес өткізілді;
- қатысушылардың саны шарт талаптарына толық сай болды және кейбір бағыттарда жоспардан асып түсті;
- барлық іс-шаралар әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланып, фото-видео материалдармен расталды; - қатысушылар тарапынан кері байланыс алынып, тәжірибелік тапсырмалар мен нақты басқарушылық шешімдер әзірленді.

Бұл деректер жобаның мақсатты аудиторияға нақты әсер еткенін және қойылған мақсаттардың орындалғанын көрсетеді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: ауытқу жоқ

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаға дейін Маңғыстау облысында білім беру ұйымдары басшылары мен педагог кадрлары арасында мектепшілік бақылауды жүйелі ұйымдастыру, құқықтық нормаларды тәжірибеде қолдану және құндылыққа негізделген басқару модельдерін енгізу деңгейі біркелкі емес болды.

Жоба аяқталғаннан кейін:

- мектепшілік бақылау мен ішкі мониторингті жоспарлау дағдылары күшейді;
- басшылар мен орынбасарлардың құқықтық сауаттылығы артты, құқықтық тәуекелдерді басқару қабілеті қалыптасты;
- мектепке дейінгі ұйым педагогтері білім беру ортасының сапасын ECERS шкалалары арқылы бағалау тәжірибесін меңгерді; - мектеп басшылары арасында кәсіби серіктестік нығайып, облыстық «Директорлар кеңесі» құрылды;
- басқарушылық шешім қабылдауда деректерге негізделген және құндылыққа бағдарланған тәсілдер кеңінен қолданыла бастады.

Осылайша, жоба шеңберінде қойылған проблемалар мен міндеттер жоғары деңгейде шешіліп, білім беру ұйымдарының басқару сапасына оң әлеуметтік әсер етті.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

1) гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
4150 адам	1275	2875

2) санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:

4150	-	2000	200	350	100	150	250	300	100	700
------	---	------	-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----

3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
4150	550	1400	700	400	550	300	250

3. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жобаны іске асыру барысында нысаналы топтар толық қамтылды және жоспарланған сандық көрсеткіштерге қол жеткізілді. Атап айтқанда, мектепшілік бақылауды ұйымдастыру мәселелері бойынша тәжірибе алмасу семинарына 170 басшы және педагог кадр қатысты. Қатысушылар мектепшілік бақылаудың нормативтік-құқықтық негіздерін, тиімді жоспарлау және бақылау әдістерін меңгеріп, ішкі мониторинг жүргізу және конструктивті кері байланыс беру дағдыларын жетілдірді.

Құқықтық оқыту семинарына 300 білім беру ұйымының басшысы қатысып, білім беру саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді қолдану, педагогтерді аттестаттау, еңбек қатынастарын құқықтық тұрғыда реттеу және құжаттаманы дұрыс рәсімдеу бойынша білімдерін жаңартты. Білім беру ұйымдары басшыларының 150 орынбасары басқарудың заманауи тәсілдері, сапа мониторингін жоспарлау және әдістемелік қызметті ұйымдастыру бойынша тәжірибелік дағдыларын арттырды. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының 120 педагогі біліктілікті арттыру курсынан өтіп, заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру, ECERS шкалалары арқылы сапаны бағалау және оқу ортасын жобалау дағдыларын меңгеріп, сертификат алды.

Сонымен қатар мектеп директорлары құндылыққа негізделген басқару моделін талқылап, өз ұйымдары үшін нақты әрекет жоспарларын әзірледі. Жалпы алғанда, жоба аясында 840-тан астам білім беру саласының мамандары тікелей қамтылып, кәсіби құзыреттіліктерін арттырды.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жоба білім беру ұйымдарындағы басқару сапасының біркелкі болмауы, мектепшілік бақылау жүйесінің әлсіздігі және басшылар мен педагогтердің құқықтық сауаттылығының жеткіліксіздігі сияқты проблемаларды шешуге бағытталды.

Ұзақмерзімді перспективада жоба нәтижесінде:

- мектепшілік бақылау мен ішкі мониторинг жүйесін жүйелі түрде енгізу тәжірибесі нығаяды;
- басқарушылық шешімдер деректерге және нормативтік-құқықтық талаптарға негізделіп қабылданады;
- мектептер арасында кәсіби ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу тұрақты сипат алады.

Теріс өзгерістер болжанбайды, себебі жоба мазмұны қолданыстағы заңнама мен білім беру саясатына толық сәйкес келеді.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Іске асырылған «Mangystau Education Pro» әлеуметтік жобасының әлеуметтік-экономикалық әсері Маңғыстау облысының білім беру ұйымдарындағы басқару және педагогикалық үдерістердің сапасын арттыру арқылы көрініс тапты. Жоба аясында басшы және педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін дамыту білім беру қызметтерінің сапасын жақсартуға негіз қалады.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, жобаның нәтижесінде білім беру ұйымдары басшылары мен педагогтердің басқарушылық, құқықтық және әдістемелік сауаттылығы артты. Бұл ұжымдардағы кәсіби өзара әрекет пен ынтымақтастық мәдениетінің нығаюына, басқарудағы ашықтық пен жауапкершіліктің күшеюіне ықпал етті. Мектепшілік бақылау мен ішкі мониторингтің жүйеленуі педагогтердің кәсіби қызметін бағалауда бірізді тәсілдердің қалыптасуына мүмкіндік берді, бұл өз кезегінде педагогикалық ортада тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Экономикалық әсері тікелей қаржылық пайдамен емес, ресурстарды тиімді пайдалану арқылы байқалады. Басшылардың құқықтық сауаттылығының артуы еңбек қатынастарын, құжат айналымын және басқарушылық шешімдерді қолданыстағы заңнамаға сәйкес қабылдауға жағдай жасап, айыппұлдар мен құқықтық тәуекелдердің алдын алуға мүмкіндік береді. Басқару процестерінің жүйеленуі уақыт пен кадрлық ресурстарды үнемдеуге, басқарушылық қателіктерді азайтуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру ортасының сапасын жақсартуға бағытталды. Заттық-кеңістіктік даму ортасын тиімді ұйымдастыру балалардың дамуына қолайлы жағдай жасап, кейінгі білім беру сатыларындағы оқу жетістіктеріне оң әсер етуі күтіледі. Бұл ұзақ мерзімді перспективада білім беру жүйесіне жұмсалатын әлеуметтік шығындардың тиімділігін арттырады.

Жобаның тағы бір маңызды әлеуметтік-экономикалық нәтижесі – өңірде кәсіби басқару қауымдастығының қалыптасуы. Білім беру ұйымдары басшылары арасындағы тәжірибе алмасу, республикалық мамандармен тікелей байланыс және облыстық деңгейде кәсіби серіктестіктің дамуы адами капиталдың сапасын арттыруға ықпал етеді. Адами капиталдың күшеюі өңірдің әлеуметтік тұрақтылығы мен білім беру саласының ұзақ мерзімді дамуына негіз болады.

Осылайша, жоба әлеуметтік тұрғыдан – білім беру сапасын арттыруға, ал экономикалық тұрғыдан – басқару тиімділігін күшейтуге, ресурстарды ұтымды пайдалануға және ұзақ мерзімді оң әсер қалыптастыруға бағытталған кешенді нәтиже берді.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Көмек командасы» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: Аймақтағы оқушылар мен олардың ата-аналарының бойында отбасылық-ұлттық құндылықтарды қалыптастыру

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 міндет: Отбасылық және ұлттық құндылықтарды насихаттау

1-іс-шара. «Отбасылық құндылықтар керуені» этнофорумы – ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, отбасы құндылықтары бойынша пікір алмасу, ұлттық ойындар, отбасы мүшелерінің қатысуымен квест өткізу (Ақтау қаласы, Өнер орталығы)

2025 жылғы 5 қараша күні Ақтау қаласында «Хан Шахар» салтанат сарайында 200 адам қамтылған этнофорум өтті. Шара спикері Жанар Айлашова болды. Қатысушыларға отбасылық құндылықтар туралы лекция сабағы өтіп, ұлттық нақышта бұйым дайындайтын қолөнершілердің көрмесі ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шара туралы ақпараттар әлеуметтік желіге жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

https://www.instagram.com/p/DQ0zHAoCNXW/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DQ05hkEiOME/>

2-іс-шара. «Ұлттық мұра» отбасылық квесті – отбасылар арасында ұлттық дәстүрді үйренуге арналған тапсырмалы квест, ұрпақ сабақтасстығын көрсету (Ақтау қаласы, жастар орталығы)

2025 жылғы қараша айының 5 күні Ақтау қаласындағы «Хан-Шахар» салтанат сайында 200 адамның қатысуымен «Ұлттық мұра» отбасылық квесті – отбасылар арасында ұлттық дәстүрді үйренуге арналған тапсырмалы квест ұйымдастырылды.

Квест ойынына қатысушылар белсенділігіне байланысты жүлделерге ие болды. Жеңімпаз 3 орыннан бөлек белсенділік танытқан қатысушыларға естелік сыйлықтар берілді. Қатысушыларға квест ойындары үш бағытта өткізілді.

1- кезең: Салт-дәстүр сыры

2- кезең: Таным - төркіні мақал

3 - кезең: Ойлан тап

Көзге түскен жеті белсендіге шара соңында естелік сыйлық табысталды. Ал жүзден жүйрік жылдам әрі дұрыс жауап берген үш қатысушы өзара орындарды бөліп алып қанжығалары бағалы сыйлықпен байланды.

1 - орын Қойланова Сауле

2 - орын Сұлтанбек Мади

3 - орын Симбаева Айгул

Сонымен қатар, іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шара туралы ақпараттар әлеуметтік желіге жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

https://www.instagram.com/p/DQ3fxe4iL5F/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DQ3xKj5CJaQ/>

3-іс-шара. «Отбасылық челлендж» онлайн және офлайн байқауы – отбасылар қазақы салт-дәстүрді таныстырып, TikTok, Instagram-да бейнероликтер жариялау (облыс көлемінде)

«Отбасылық челлендж» онлайн және офлайн байқауы ұйымдастырылды. Бұл ретте, отбасылар қазақы салт-дәстүрді таныстырып, TikTok, Instagram-да бейнероликтер жариялады. Өз кезегінде байқауға 23 қатысушы іріктеліп алынды. Комиссия отырысының нәтижесінде жүлделі орындарды:

1-орын – Бақтөреевтер отбасы.

2-орын – Киікбаевтар отбасы.

3-орын – Умаровтар және Зайдиновтер отбасысы иеленді.

Бұл ретте, байқау қорытындыларын шығарған комиссия мүшелері:

- Таңат Жолдыбаев – қоғам белсендісі, «Бала жолы» қоғамдық қорының директоры.

- Әсел Сәлімгерейқызы – психолог-маман.

- Аспамбетова Фариза – «Ана махаббаты» қоғамдық қорының жоба үйлестірушісі.

- Рабаев Келдіқожа – медиа маман.

- Айтбай Қанат – жоба модераторы.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Ақтау қаласындағы «Жас Қанат» мектебінің концерт залында өтті. Марапаттау рәсімі туралы ақпараттар әлеуметтік желіде жарияланды. Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі.

<https://www.instagram.com/p/DRRsyt0CIqQ/>

https://www.instagram.com/p/DRKcvGPCI3/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DRUHNTaiHAS/?img_index=1

2-міндет. Қоғамдық диалог ұйымдастыру

1-іс-шара. «Ұрпақтар диалогы: Тәрбиенің тамыры – отбасында» TEDx кездесу – қоғам қайраткерлері, ата-әжелер, жастар қатысуымен пікір алмасу (Ақтау қаласы)

2025 жылғы 3 қараша күні Ақтау қаласындағы Оқушылар сарайының концерттік залында 175 адамның қатысуымен «Ұрпақтар диалогы: Тәрбиенің тамыры – отбасында» TEDx кездесу өтті.

Іс-шараға түрлі спикерлер қатысты. Нақтырақ айтқанда:

1 спикер. Айлашова Нәбия Жасанғалиқызы – Бейнеу ауданының құрметті азаматы, «Жайдарлы» үкіметтік емес ұйымының басшысы, Бейнеу аудандық Аналар кеңесінің төрағасы, Алтын алқалы ана, Денсаулық сақтау саласының ардагері. «Ұрпақтар сабақтастығы» Бір шаңырақ астындағы ата-ене, ұл-келін, немерелердің құндылықтар сабақтастығы туралы ой толғады.

2-спикер: Әнуар Ізімбайұлы ҚМДБ Маңғыстау облысындағы өкіл имамы. «Азамат ерді сақтасын!» Отбасындағы, қала берді қоғамдағы ер азаматтардың орны туралы баяндады.

3-спикер: Индира Сатенбай – ҚР Журналистер одағының мүшесі, блогер «Әйел – отбасының ұйытқысы» Отбасындағы қыз бала, әйел, ана рөлі туралы сөз қозғады.

4-спикер: Дөңбай Мәулен Мақсотұлы «Құтты білік» оқу орталығының жетекшісі «Адамдық борышың...» Жастардың қоғамдағы рөлі мен белсенділігі туралы айта келе, оларды білім игеруге, алған білімін ұлт мүддесіне қолдануға шақырды.

<https://www.instagram.com/p/DQzz-AyCGex/>

<https://www.instagram.com/p/DQzbae3iPEm/>

2-іс-шара. «Жастар үні» подкаст және онлайн сұхбат – жастар белсенділері мен ата-аналар арасындағы тәрбие, құндылық, дәстүр туралы подкаст (Ақтау қаласы)

2025 жылғы 4 қарашада Ақтау қаласында, Есенов университетінің базасында «Жастар үні» подкасты және онлайн сұхбат өтті. Іс-шара жастар белсенділері мен ата-аналар арасында тәрбие, құндылықтар және ұлттық дәстүрлер тақырыптарында ашық диалог орнатуға бағытталды. Подкаст форматы пікір алмасуға қолайлы алаң қалыптастырып, қатысушылардың ойларын еркін жеткізуіне мүмкіндік берді.

Іс-шараға 67 адам қатысып, талқылауға белсенді араласты. Кездесуді Қазақстан Республикасы Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі Айлаш Жанар Асанқызы модерациялап, сұхбаттың мазмұнды әрі жүйелі өтуін қамтамасыз етті. Талқылау барысында отбасы тәрбиесі, жастардың құндылықтық бағдарлары және дәстүр сабақтастығы мәселелері қозғалды.

Подкастқа айтыскер ақын, асаба Жомарт Ораз қатысып, ұлттық мәдениет пен сөз өнерінің тәрбиелік мәні туралы ой бөлісті. Мұрсалова Жұмагүл Амантайқызы, педагог әрі ҚР Жазушылар одағының мүшесі, әдебиет пен тәрбиенің тұлға қалыптастырудағы рөліне тоқталды. Сонымен қатар Есенов университетінің «Халықаралық қатынастар» мамандығының 4-курс студенті, мемлекеттік грант иегері Закария Жасмина жастардың білімге ұмтылысы мен қоғамдық белсенділігі жөнінде өз тәжірибесін ортаға салды.

Подкаст пен онлайн сұхбат барысында қатысушылар спикерлерге сұрақ қойып, өз пікірлерін білдірді. Іс-шара әлеуметтік желілерде жарияланып, кең аудиторияға ұсынылды, бұл жастар мен ата-аналар арасындағы өзара түсіністікті арттыруға бағытталған бастаманың жариялығын қамтамасыз етті.

<https://www.instagram.com/p/DQz6fVHcMUE/>

https://www.instagram.com/p/DQz4c4uCNrI/?img_index=1

3-іс-шара. «Ұрпақтар сабақтастығы» дөңгелек үстелі – ата-аналар мен жастарға арналған ашық пікір алмасу, сұрақ-жауап сессиясы (Ақтау қаласы)

Маңғыстау

облысы, Бейнеу ауданында (тапсырыс берушінің ресми тапсырмасына сәйкес) 70 адамның қатысуымен «Ұрпақтар

сабақтастығы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ата-аналар мен жастарға арналған бұл іс-шараның негізгі мақсаты – ұрпақтар арасындағы өзара түсіністікті арттыру, отбасылық тәрбие, ұлттық құндылықтар мен өмірлік бағдарлар төңірегінде ашық әрі сенімді диалог орнату болды.

Тапсырыс берушінің хаты тіркеліп, іс-шара жоспарға сәйкес өткізілді. Дөңгелек үстелге 70 адам қатысып, ашық пікір алмасу мен сұрақ-жауап сессиясына белсенді араласты. Кездесу барысында ата-аналар мен жастар өзара ой бөлісіп, бүгінгі қоғамдағы тәрбие мәселелері, дәстүр мен заманауи көзқарастың үйлесімі, жауапкершілік пен отбасылық құндылықтардың рөлі кеңінен талқыланды. Формат қатысушылардың еркін пікір білдіруіне және нақты өмірлік жағдайлар бойынша сұрақ қоюына мүмкіндік берді.

Іс-шараны Бейнеу аудандық «Қазақ аналары – дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Бекібаева Марал Кітапбайқызы жүргізді. Модератор ретінде ол әңгіме арнасын дұрыс бағыттап, буындар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары талқылау ұйымдастырды. Аналар институтының рөлі, ұлттық тәрбие мен отбасы жауапкершілігіне ерекше назар аударылды.

Дөңгелек үстел қорытындысында қатысушылар мұндай форматтағы кездесулердің маңыздылығын атап өтіп, ұрпақтар сабақтастығын сақтауда жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін жеткізді. Іс-шара әлеуметтік желілерде жарияланып, кең аудиторияға ұсынылды, бұл бастаманың қоғамдық маңызын арттырып, тәрбиелік мазмұндағы ашық диалогты кеңінен насихаттауға ықпал етті.

<https://www.instagram.com/p/DQFJzrdCE17/>

3 міндет. Ұрпақтар сабақтастығын нығайту.

1 іс-шара. «Ұрпақтар сабақтастығы» өңірлік марафоны – Мұнайлы, Қарақия, Бейнеу, Маңғыстау, Түпқараған аудандары және Ақтау, Жаңаөзен қалаларындағы мектептерде ұлттық құндылықтарға арналған танымдық сайыстар, шеберлік сабақтары, мотивациялық кездесулер

2025 жылы Маңғыстау облысы аумағында «Ұрпақтар сабақтастығы» атты өңірлік марафон кең ауқымда ұйымдастырылды. Марафон Мұнайлы, Қарақия, Бейнеу, Маңғыстау, Түпқараған аудандары мен Ақтау және Жаңаөзен қалаларындағы білім беру ұйымдарын қамтып, мектеп оқушыларына арналған ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған танымдық сайыстарды, шеберлік сабақтарын және мотивациялық кездесулерді біріктірді. Іс-шаралар барлық өңірлерде бекітілген жоспарға сәйкес өткізіліп, растау хаттарымен құжатталды.

Марафонды тәжірибелі медиа маман Рабаев Келдіқожа жүргізіп, жастармен жұмыс істеудің заманауи әрі түсінікті форматтарын қолданды. Іс-шара екі бөлімнен тұрды: алғашқы бөлімде қатысушылар ұлттық тарих, салт-дәстүр және рухани мұра тақырыптарын қамтыған танымдық ойындарға қатысып, командалық жұмыс пен ойлау қабілеттерін дамытты. Екінші бөлімде ұрпақтар сабақтастығы, ұлттық болмыс пен отбасылық құндылықтардың маңызына арналған мазмұнды дәрістер оқылды.

Өңірлік марафон аясында барлығы 2000 адам қамтылды. Атап айтқанда, Ақтау қаласында – 500 адам, Мұнайлы ауданында – 450 адам, Жаңаөзен қаласында – 250 адам, Қарақия, Бейнеу, Түпқараған және Маңғыстау аудандарының әрқайсысында – 200 адамнан қатысты. Әр өңірдегі іс-шаралар оқушылардың белсенділігімен, қызығушылығымен ерекшеленіп, ұлттық құндылықтарға деген оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал етті.

«InBilim» жобасы аясында Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін 150 маманның кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында өткен оқыту курсынан кейін дағдыларды нығайту мақсатындағы 05.11.2025 – 28.11.2025 аралығында Zoom платформасында, онлайн, WhatsApp чатта супервизиялар өтті. Тартылған маман: педагог-эксперт Алимбек Зереш Рашидқызы. Супервизияға қатысқандар саны: 150 маман. Қатысушылардың қанағаттану деңгейі – кемінде 70%.

https://www.instagram.com/p/DQ6y9_FiIuO/?igsh=MWticWp0aHBjb2h6NA==

4 іс-шара. «Мен инклюзивті қоғам құруға үлес қосамын...» атты іс-тәжірибе көрме алаңын өткізу

Маңғыстау облысы білім басқармасы тапырысымен, «Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының» қолдауымен, «Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі «InBilim» жобасы аясында «Мен инклюзивті қоғам құруға үлес қосамын» көрме байқауын қорытындылап, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау рәсімін өткізді.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізеті арнайы мамандар арасында өткен байқаудың мақсаты – өңірдегі арнайы білім беру ұйымдарының педагог мамандарының инклюзивті білім беруді енгізудің үздік тәжірибелерін таныстыру. Сонымен қатар, арнайы білім беру ұйымындағы педагог мамандардың мәртебесін көтеру, арнайы білім беру ұйымдарындағы педагог мамандардың нәтижелі жұмысын таныта отыра, олардың тәжірибесін тарату, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдай отырып, олардың шығармашылық дарынын таныту және арнайы білім беру ұйымдарының педагог маманы мен білім алушы арасындағы байланысты нығайту.

Байқауға Маңғыстау облысының түкіпр-түкіпірінен мамандар қатысты. Нәтижесінде байқауға 100 өтінім түсіп, оның 20-сы іріктеуден өтіп, шарттар бойынша таңдалып алынды. Арнайы қазылар алқасының шешімімен 3 жұмыс жеңімпаз деп танылып, оларға қаржылай сыйақы мен дипломдар табысталды.

Байқау нәтижесінде:

1 орын (150 000 теңге) – «№6 арнайы балабақша» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дефектологы Байзақова Қарлығаш Бауржанқызы. «Киіз үйдің құпиялары» тақырыбындағы жұмысы үшін.

2 орын (120 000 теңге) – «Ақтау психологиялық – педагогикалық түзеу кабинеті» КММ Нахмәдениет Зағипа Махамбетқызы «Мамандықтар» дидактикалық дамытушы құралы үшін.

3 орын (90 000 теңге) – Боярская Наталия Влентиновна «№1 арнайы балабақша» әдістемелік құралы үшін. Көрме барысында іріктеуден өткен 20 маманның жұмыстары тұрғындар назарына ұсынылды. Әр арнайы маман осы салаға өзі әкелген, ұсынған жаңалығын, нәтиже көрсеткен іс-тәжірибесімен бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/r/17YnhxjaGn/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.instagram.com/p/DRUIy94Dbrz/?igsh=MXdlaGo2aGppdWnrYQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DRZuKXPiOyZ/?igsh=MW5zZ2c2Mzh1NGR4OA==>

5 іс-шара. Білім беру ұйымдарындағы арнайы мамандар үшін оқу әдістемелік құралдарды, бейнежазба (бейнеролик) дайындап, тарату

Іс-шара аясында оқу-әдістемелік құрал дайындалып, тапсырыс беруші және Оператор тарапынан келісілді. Әдістемелік құралда арнайы мамандарға арналған практикалық ұсынымдар, жұмыс алгоритмдері және қолданбалы әдістер қамтылды. Сонымен қатар бейнежазба (бейнеролик) дайындау үшін сценарий әзірленіп, мазмұны тапсырыс берушімен келісілгеннен кейін бейнематериал түсірілді. Бейнеролик арнайы мамандардың жұмысында пайдалануға арналған ақпараттық-түсіндіру сипатында дайындалды.

Іс-шара шеңберінде әзірленген материалдар туралы ақпарат жеке меншік мекеменің әлеуметтік желідегі ресми парақшасында жарияланды. Жарияланымдар арқылы кең аудиторияға ақпарат жеткізіліп, кері байланыс жиналды.

<https://www.facebook.com/share/v/1KWqef4Yue/?mibextid=wwXIfr>

6 іс-шара. «Оқушымен жеткен нәтиже» атты ЕБҚ балалармен жұмыс жүргізетін мамандар арасында атты бейнероликтер байқауын өткізу

Маңғыстау облысының білім басқармасының тапсырысымен, «Қолдау» орталығы жекеменшік мекемесінің ұйымдастыруымен «InBilim» жобасы аясында «Оқушымен жеткен жетістігім» атты жалпы және арнайы білім беру ұйымдарындағы арнайы педагогтер арасындағы бейнероликтер байқауы қорытындыланды. Байқаудың мақсаты: ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылардың қоғамға бейімделуін арнайы педагогтердің нәтижелі жұмысы арқылы арттыру және өңірдегі арнайы педагогтердің инклюзивті білім беруді енгізудегі үздік тәжірибелерін таныстыру. Байқау 2025 жылдың қазан айының 22-і мен қараша айының 15-і аралығын қоса алғанда желіде арнайы хэштегтермен жарияланды. Барлығы 9 адам қатысты. Үздік деп танылған жұмыстардың авторлары Маңғыстау облысы білім басқармасының Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы мен «Қолдау» орталығының арнайы I орын (біреу), II орын (біреу), III орын (біреу) дипломдарымен және сыйлықтарымен марапатталды. Байқау нәтижесінде 1 орынды «Жаңаөзен арнайы мектебі» КММ Ахметова Гүлдана Русланқызына, 10 – сынып оқушысы Полатбай Елсұлтан Полатбайұлына берілді. 2 орынды Түпқараған психологиялық – педагогикалық түзеу кабинеті, музыкалық терапия жетекшісі Избенова Айгуль Шаулкеновна мен оқушысы Райымбекұлы Ахмад иеленсе, 3 орын Боранқұл ППТК педагог-психологы Машырықова Аида Берікқызы мен оқушысы Масен Еркебұланға бұйырды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы дипломдар мен түзете-дамыту жұмыстарында қолданылатын бокстар сыйға берілді.

<https://www.instagram.com/p/DQMZYhQiGpL/?igsh=MnJuNWdwMGewd2c4>

<https://www.instagram.com/reel/DRAT0HwDc0K/?igsh=MWdlzJ4MGVsd3dlNg==>

https://www.instagram.com/reel/DRCLv_mE9mW/?igsh=MW5saDJ2ajRwcHI4cg==

<https://www.facebook.com/share/v/16MMX8UG7e/?mibextid=wwXifr>

<https://www.instagram.com/reel/DREp9wfjKEz/?igsh=bjBvY3V6aGlnOXY0>

https://www.instagram.com/reel/DRCQIMiARAY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

<https://www.facebook.com/share/v/1JV4Y2YuOZ/>

<https://www.instagram.com/reel/DRCNuHqgqwe/?igsh=aDd6c3pzYTU1dHFv>

<https://www.instagram.com/reel/DRAFC2bjl4V/?igsh=MTUzYTFoZTFuNzl0cA==>

<https://www.instagram.com/reel/DRFGXuiiGhz/?igsh=MWQ3eWVkcXl2c3QxNA==>

https://www.instagram.com/reel/DRCE_yBiCNJ/?igsh=bDV4aDB0ZmsxOGZo <https://malim.kz/article/beinerolikter-baiquay-qorytyndylandy>

7 іс-шара. Жоба аясында оқудан өткен мамандарға арналған өңірдегі ЕБҚ балалармен жұмыс жүргізетін арнайы мамандармен білім басқармасы, т.б. ұйым, мекемелер қатысуымен қорытынды кездесуді (конференция) ұйымдастыру және өткізу

21 қараша күні Қ.Сыдықов атындағы облыстық кітапхананың конференц-залында «InBilim» жобасы аясында «Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау» тақырыбында қорытынды конференция өтті.

Конференцияға қатысушылар: жоба жетекшісі Елеусинова Милана, Маңғыстау облыстық білім басқармасының басшысы Шынар Байдуллаева, «Алғыс Ақтау» орталығының негізін қалаушы Ардақ Бақтығалиқызы, «Ана махаббаты» ҚҚ Мұнайлы аудандық филиалының жетекшісі Фариза Аспанбетова. Конференция қонағы - дефектолог-логопед маманы, Астана қаласы бойынша «LOGOPED» сөйлеуді дамыту орталықтар желісінің басшысы, ҚР дефектологтар және логопедтер ассоциациясының төрайымы, «Балам сөйлесін десеңіз», «Ерекше балаларды әлеуметтендіру», «Сөйлеуді дамыту» кітаптарының авторы, «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ПСИХОМОТОРЛЫҚ қабілеттерін дамыту» методикасының авторы Нурахметова Шолпан Аянғалиевна. Қатысушылар саны: 75.

<https://www.instagram.com/reel/DRZt1SyiN37/?igsh=NXEyd3JjMXZmN3N3>

<https://www.instagram.com/reel/DRZuMdECIyh/?igsh=MXd3MmRoYmdhcGJjaA==>

<https://www.instagram.com/reel/DRZuN03iJbt/?igsh=MWIwZ3pndDkzMT15MQ==>

https://www.instagram.com/p/DRRn70hDeZ_/?igsh=MWRuNDZjNmU5bmJpdA==

3-міндет. Нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу

1 іс-шара. Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігін арттыру

Бұл іс-шара аясында Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігін арттыру қамтамасыз етілді. Оқыту ПШО АОО «НЗМ» тарту арқылы және Маңғыстау облысының білім басқармасының қатысуымен жүзеге асырылды. Мамандық біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар бағдарламасы бекітіліп, «ЕБҚ балалармен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру» тақырыбында оқыту өткізілді.

Сонымен қатар «Қазақстандық қайта даярлау және біліктілікті арттыру орталығының» «Ұстаз» платформасына сәйкес курстары ұйымдастырылды. Қорытындысы бойынша қатысушыларға аттестациядан өтуге жарамды және «Ұстаз» платформасында тіркелген сертификаттар табысталды.

2 іс-шара. Мамандық біліктілігін арттырғанын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне сенімділігін арттырған мамандардың үлесі 70%-дан кем емес (сауалнама нәтижелері бойынша)

Мамандық біліктілігін арттырғанын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне сенімділігін арттырған мамандардың үлесін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Сауалнамаға жоба аясында өткізілген оқыту іс-шараларына қатысқан мамандар қатысты. Мамандық біліктілігін арттырған және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне деген кәсіби сенімділігі артқан мамандардың үлесі сауалнама нәтижелері бойынша 70%-дан кем болмады.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

1 іс-шара. Жобаның қорытындысын жария ету және қол жеткізген нәтижелер туралы баяндау үшін жобаның қорытынды кезеңінде де баспасөз брифингін өткізу, брифингте жергілікті БАҚ өкілдерін қамту

27 қараша күні Маңғыстау облысының әмбебап кітпханасында жобаның қорытынды брифингі өтті. Брифингке қатысушылар: «Қолдау» орталығы» ЖММ директоры Милана Елеусинова, «Маңғыстау» облыстық қоғамдық-саяси газетінің редакторы Анаргүл Жексенбайқызы, «Маңғыстау медиа» сайтының редакторы Мадина Керімқұл, «Қолдау» орталығы ЖММ қоғаммен байланыс жөніндегі маманы Еділбек Дүйсен, «Маңғыстау» облыстық қоғамдық-саяси газетінің тілшісі Ислам Шілдебаев және т.б. БАҚ өкілдері қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/DRolePdDdzf/?igsh=OW53NmlhYW94NTA4> <https://malim.kz/article/mangystaulyq-ustazdarga-arnalghan-eki-zoba-qorytyndylandy>

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

1 іс-шара. Серіктестермен, өзге де медиа порталдармен, ақпарат агенттіктерімен ақпараттық қолдау мақсатындағы келіссөздер жүргізу

Жобаның орындалу барысын кеңінен ақпараттандыру және қоғамға ашық жеткізу мақсатында серіктес ұйымдармен, өңірлік және республикалық медиа порталдармен, сондай-ақ ақпарат агенттіктерімен жүйелі түрде келіссөздер жүргізілді. Келіссөздер барысында жобаның мақсаттары мен міндеттері, негізгі іс-шаралары, күтілетін нәтижелері және ақпараттық сүйемелдеу форматтары талқыланды. Нәтижесінде жобаны іске асыру кезеңдерінде ақпараттық қолдау көрсету, іс-шаралар туралы материалдарды жариялау, әлеуметтік желілерде тарату және БАҚ арқылы насихаттау жөнінде ортақ келісімдерге қол жеткізілді. Бұл жұмыс жобаның көрінуін арттырып, мақсатты аудиторияның қамтылуын кеңейтуге мүмкіндік берді.

2 іс-шара. Әлеуметтік жобаны іске асыру туралы жарияланымдар

Әлеуметтік жобаны іске асыру барысы туралы ақпараттық жарияланымдар жоспарға сәйкес дайындалып, әлеуметтік желілерде және серіктес медиа ресурстарда орналастырылды. Жарияланымдарда жобаның басталуы, негізгі кезеңдері, өткізілген іс-шаралар, қол жеткізілген нәтижелер және қатысушылардың пікірлері қамтылды. Ақпараттық материалдар мәтіндік жазбалар, фотосуреттер, бейнематериалдар және қысқаша анонстар форматында ұсынылып, кең аудиторияға бағытталды. Осылайша, жоба туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етіліп, қоғамның әлеуметтік жобаға деген қызығушылығы мен хабардарлық деңгейі артты.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жоба аясында Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін мамандардың кәсіби әлеуетін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігі көтеріліп, олардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу саласындағы теориялық және практикалық дағдылары нығайтылды.

Өткізілген оқыту іс-шараларынан кейін жүргізілген сауалнама қорытындылары мамандардың жобаның тиімділігін жоғары бағалағанын көрсетті. Атап айтқанда, қатысушылардың 70 пайыздан астамы өздерінің кәсіби біліктілігі артқанын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне деген сенімділігінің күшейгенін атап өтті. Бұл жоба нәтижелерінің сапалық тұрғыдан да маңызды болғанын дәлелдейді.

Жоба аясында оқудан өткен мамандар үшін қорытынды кездесу ұйымдастырылып, оның барысында оқыту нәтижелері талқыланды, тәжірибе алмасу жүзеге асырылды және алдағы уақытта алған білімді практикада қолдану жолдары айқындалды.

Оқыту бағдарламасын сәтті аяқтаған мамандарға аттестациядан өтуге жарамды, сондай-ақ «Ұстаз» платформасында тіркелген сертификаттар табысталды. Бұл сертификаттар қатысушылардың кәсіби дамуын ресми түрде растауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар оқудан кейінгі кезеңде, яғни дағдыларды нығайту мақсатында 1–2 ай ішінде онлайн консультациялар мен супервизиялар өткізілді. Бұл шаралар мамандарға күнделікті жұмыс барысында туындайтын нақты мәселелер бойынша қолдау алуға және алған білімдерін тәжірибеде тиімді қолдануға жағдай жасады.

Жобаның маңызды нәтижелерінің бірі ретінде білім беру ұйымдарындағы арнайы мамандарға арналған оқу-әдістемелік құралдар мен бейнематериалдар (бейнероликтер) әзірленіп, кеңінен таратылды. Аталған материалдар мамандардың кәсіби қызметінде практикалық көмекші құрал ретінде пайдаланылып, жобаның әсерін ұзақ мерзімді деңгейде сақтауға ықпал етеді.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба толықтай өз көздеген мақсатына қол жеткізді. Жоба шеңберінде Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігі артты. Оқыту нәтижелері бойынша жүргізілген сауалнама қорытындылары мамандардың 70 пайыздан астамы өздерінің кәсіби құзыреттері артқанын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне деген сенімділігінің күшейгенін көрсетті.

Жоба аясында оқудан өткен мамандар үшін арнайы қорытынды кездесу ұйымдастырылып, онда оқыту нәтижелері талқыланып, тәжірибе алмасу жүзеге асырылды және алынған білімді практикада қолданудың негізгі бағыттары айқындалды.

Сонымен қатар қатысушыларға аттестациядан өтуге жарамды, «Ұстаз» платформасында тіркелген сертификаттар табысталды, бұл мамандардың кәсіби дамуын ресми түрде растауға мүмкіндік берді.

Оқудан кейінгі кезеңде, яғни дағдыларды нығайту мақсатында 1–2 ай ішінде онлайн консультациялар мен супервизиялар өткізілді. Бұл шаралар мамандарға күнделікті жұмыс барысында туындайтын кәсіби мәселелер бойынша әдістемелік қолдау алуға жағдай жасады.

Жобаның нәтижелерін ұзақ мерзімде сақтап, кеңінен қолдану мақсатында білім беру ұйымдарындағы арнайы мамандарға арналған оқу-әдістемелік құралдар мен бейнематериалдар (бейнероликтер) әзірленіп, таратылды. Осылайша жоба арнайы білім беру саласындағы кадрлардың кәсіби әлеуетін арттырып, өңірде инклюзивті білім беруді дамытуға нақты үлес қосты.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: ауытқу жоқ

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаға дейін: «INBILIM» жобасына дейін өңірдегі арнайы білім беру ұйымдарының мамандары 80 сағаттық курстан өтпеген, әрі ең болмағанда семинар да көп болмайтындығы белгілі. Оларда бір-бірімен тәжірибе алмасатын алаң болмаған, соған сәйкес ЕБҚ білім алушалардың да жетістіктері аз болған. Жобаға дейін аталмыш мұғалімдер жетістік ретінде ұсынатын сертификат және оқушыны қатыстыратын байқаулар да өте сирек болған. Жетістіктерін мақтанышпен жеткізетін соның ішінде бейнеролик байқауы болмаған. Тек арнайы сыныптың ерекше білім аруды қажет ететіндерінің емес, арайы педагогтердің де жетістік тарихын жинап, портфолио жинауға, аттестацияға қатысуа мүмкіндігі болмаған. Республикалық деңгейдегі мамандардан бетпе –бет тәжірибе мен білім алу мүмкіндігі де осы уақытқа дейін тек былтырғы «Зерде+» жобасында ғана болған екен. Түрлі көрмелер облыс төңірегінде ұйымдастырылып жүрсе де, ЕБҚ балалар қолынан шыққан дүниелер ұсынылған

көрме-жәрмеңке де ұйымдастырылмапты. Қаржылай сыйлық алып көрмеген. Біліктілікті арттыруға бәріне бірдей мүмкіндік болмаған.

Жобадан

кейін:

««INBILIM»» жобасынан кейін 150

маман ЕБҚ балаларды шығармашылыққа бағыттауға, кәсіпке бағдарлап,

денсаулығын жақсартып, түзете-дамытылуына кәсіби құзыреттіліктері көтерілді. Арнайы білім беру бағыты бойынша республикалық деңгейдегі эксперт мамандардан білім жетілдіріп, тәжірибе алаңына шығуға мүмкіндік алды, нетворкинг орнады. Бірі-бірімен араласып, жаңа орта тапты. ЕБҚ оқушылармен жүргізетін жұмыстарының сапасы артты. «Ұстаз» платформасына жарамды Сертификатқа ие болды.

«Оқушымен жеткен нәтижем» атты бейнероликтер байқауына қатысушылар арқылы инклюзивті қоғамды түсіну, қабылдау, ЕБҚ балаларды қолдау артты. «Инклюзивті қоғамды құруға үлес қосамын» іс-шарасы арқылы жаңа тың тәжірибелер таныстырылып, мараатталды.

Ерекше балалардың шығармашылық әлеуеті артты. Қоғамның назары аудды. Мамандардың кәсіби өсуі байқалды. Жетістік тарихы: Арнайы білім беру ұйымдарының ішінде Жаңаөзен арнайы мектебінің 10 сынып оқушысы Полатба Ерсұлтан «Үстел» тенисінен ерекше балалар арасындағы қазақстандық арнайы олимпиаданың республикалық турнирінен 2 –орын алды. Қатысушы №1 арнайы балабақшасының логопед маманы Боярская Наталия республикалық ғылыми орталық ұйымдастырған байқаудан 3-орын алды. Облыстық деңгейде 4 арнайы маманның үздік тәжірибелері: Еркасова Салтанат Беккалиевна, Умирбав Гаухар Онгарбековна, Нахмәдеиет Зағипа Махамбетқызы, Байзақова Қарлығаштың жаңа тың идеялары облыс көлемінде таратылуда.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
------------------------------------	-------	---------

334	24	310
-----	----	-----

2) Санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:

334	60	139	25	10	0	25	0	25	50
-----	----	-----	----	----	---	----	---	----	----

3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
334	50	54	106	70	24	25	5

3. Жобаның нәтижелері:

1) Көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігі артты. Сауалнама нәтижелері мамандардың кемінде 70%-ы өз кәсіби деңгейінің жоғарылағанын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне деген сенімділігінің артқанын көрсетті. Жоба аясында оқудан өткен мамандар үшін қорытынды кездесу ұйымдастырылып, қатысушыларға аттестациядан өтуге жарамды әрі «Ұстаз» платформасында тіркелген сертификаттар табысталды. Сонымен қатар, дағдыларды нығайту мақсатында оқудан кейін 1–2 ай ішінде онлайн-консультациялар мен супервизиялар өткізілді, сондай-ақ арнайы мамандарға арналған оқу-әдістемелік құралдар мен бейнематериалдар әзірленіп, таратылды.

2) жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):

Жоба аясында арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігі артты. Жоба аясында оқудан өткен мамандарға арналған қорытынды кездесуді ұйымдастырылды. Білім беру ұйымдарындағы арнайы мамандар үшін оқу әдістемелік құралдар, бейнежазба (бейнеролик) дайындалып, таратылды. Оқудан кейін (дағдыларды нығайту үшін 1-2 ай ішінде) онлайнконсультациялар мен супервизиялар өткізілді. Осы себептен де жоба өміршең. Жоба нәтижесі бірнеше жылдардан кейін оң нәтижесін беретін болады.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Әлеуметтік әсері: Жоба аясында Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігі артты, бұл ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балалармен жұмыс сапасының жүйелі түрде жақсаруына ықпал етті. Мамандардың кәсіби құзыреттілігінің артуы білім беру процесінде инклюзивті тәсілдердің кеңінен қолданылуына, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің тиімділігін арттыруға және ЕБҚ білім алушылардың әлеуметтену деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жоба аясында өткізілген оқыту курстары, супервизиялар, тәжірибе алмасу алаңдары мен шығармашылық байқаулар мамандар арасында кәсіби қауымдастық пен нетворкингтің қалыптасуына, тәжірибе мен үздік әдістемелердің таралуына жағдай жасады.

Бұл өз кезегінде арнайы білім беру саласында ұзақ мерзімді тұрақты даму негізін қалыптастырды. Жобаның әлеуметтік әсері қоғамда инклюзивті білім беру құндылықтарын ілгерілетуге, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға деген оң көзқарасты нығайтуға және олардың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етті. Жобалық іс-шаралар арқылы ата-аналар, педагогтер және қоғам өкілдері арасында инклюзивті қоғамды қабылдау деңгейі артты.

Экономикалық әсері: Экономикалық тұрғыдан алғанда, жоба өңірдегі адами капиталдың сапасын арттыруға бағытталды. Мамандардың біліктілігін арттыру нәтижесінде кадрларды қайта даярлауға және қателіктерден туындайтын қосымша шығындарды азайтуға мүмкіндік туды. Аттестациядан өтуге жарамды сертификаттардың берілуі педагогтердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырып, олардың кәсіби өсуіне жағдай жасады.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Маңғыстау жергілікті бастама орталығы» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: Орта білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру, педагогтар мен білім алушыларда кездесетін мәселелерді мақсатында мектепшілік бақылауды жақсарту жұмыстарын ұйымдастыру

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 міндет. Жобаны бастау үшін қажет құжаттарды дайындау

1 іс-шара. Жобаның жұмыс (егжей-тегжейлі) жоспарын өзектендіру жұмысын ұйымдастыру және бекіту.

Келісім шартқа отырғаннан соң тапсырыс беруші Маңғыстау облыстық білім басқармасымен кездесіп жоба аясында іс-шаралар бойынша келісіліп, жоспарды бекітілді. Жоба серіктестерімен жұмыс барысы бойынша кездесулер ұйымдастырылды. Алдағы атқаратын жұмыстар барысы бойынша сұрақтар талқыланды. Жобаға қатысушы мамандарға бұйрық шығарылды.

Сарапшы кеңесшілермен келісім шартқа отырылды. Жобаның басталуы бойынша әлеуметтік желілерге пресс анонс жарияланып, 22 қазан күні Маңғыстау облысы білім басқармасының бөлім басшысы Құлатай Клара Қашқынбайқызы мен «Маңғыстау жергілікті бастама орталығы» ҚҚ директоры Маханбетова Жақсыгүл Шахзадақызының тікелей эфирде пресс конференциясы ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/DQWT5a9jSmJ/?hl=ru&img_index=1

2 міндет. Білім алушылардың жетістіктеріне әсер ететін контекстік факторларды анықтау үшін сауалнама ұйымдастыру және өткізу

1 іс-шара. Білім алушылардың жетістіктеріне әсер ететін контекстік факторларды анықтау үшін онлайн сауалнама өткізу

Білім алушылардың жетістіктеріне әсер ететін контекстік факторларды анықтау мақсатында 4, 8-9 сыныптарға арналған сауалнамалар дайындалып тапсырыс берушімен келісіліп, сауалнама жүргізілді. Жалпы сауалнамаға 1024 респондент қатысты.

Талдау есебі дайындалып, кездесу қорытындысы шарасында білім беру ұйымдары таныстырылды.

https://www.instagram.com/p/DQWTq6Kjfle/?hl=ru&img_index=1

3 міндет. Оқушылардың білім деңгейін, мұғалім мен сынып жетекшісінің жұмыс сапасын, жұмыс мазмұнының мәлімделген тақырыпқа сәйкестігін, үйірмелер мен факультативтердің жұмыс сапасын бағалау, жеке сабақтарды ұйымдастыру, сондай-ақ кемінде 20 мектепті қамти отырып, сабақтарда техниканың сақталуына тақырыптық бақылау жүргізу үшін кездесулер ұйымдастыру және өткізу

1 іс шара. Оқушылардың білім деңгейін, мұғалім мен сынып жетекшісінің жұмыс сапасын, жұмыс мазмұнының мәлімделген тақырыпқа сәйкестігін, үйірмелер мен факультативтердің жұмыс сапасын бағалау, жеке сабақтарды ұйымдастыру, сондай-ақ кемінде 20 мектепті қамти отырып, сабақтарда техниканың сақталуына тақырыптық бақылау жүргізу үшін кездесулер ұйымдастыру және өткізу

Маңғыстау облыстық білім басқармасынан бақылау мен бағалау жүргізілетін мектеп тізімі алынды. Бағалау критеріі жасалды. Бақылау мен бағалау жүргізетін кестесі жасақталды. 13-22 қазан аралығында Бейнеу, Маңғыстау, Жаңаөзен, Ақтау, Түпқараған, Қаракия, Ақтау қаласы бойынша 20 мектепте бағалау және бақылау жұмыстары жүргізіліп, мұғалімдермен 20 кездесу ұйымдастырылды. Жалпы қатысушылар саны 60 адам.

Әлеуметтік желілерінде бақылау және бағалау жұмыстарының барысы туралы ақпараттар орналастырылды, сонымен қатар Маңғыстау газетіне мақала жарияланды. Әр мектеп бойынша және жалпы талдама есебі дайындалды. <https://www.instagram.com/p/DQn8r2ZjidL/?hl=ru>

Жоба аясында тартылған сарапшылар сауалнаманы, бақылау мен бағалау бойынша сарапшы Зейнеп Тастемірова, курс бойынша Өрлеу институтының директор орынбасары Мамутова Гүлдарига нәтижелемен таныстырып, ұсыныс пікірлерін берді. Кездесу офлайн /онлайн форматта ұйымдастырылды. <https://www.instagram.com/p/DQY2wPsjRry/?hl=ru>

2 іс шара. Бақылау мен бағалаудың қорытындысы бойынша кездесу

Іс-шараларға қатысушылар тізімі жасалып, хаттама дайындалды. Әлеуметтік желіде бір рет жарияланым жасалып, бенефициарлар, сарапшылар және уәкілетті органдардың пікірлері мен кері байланысы кемінде 3 рет алынды.

4 міндет. Облыстың орта білім беру ұйымдарында кемінде 300 педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша кемінде 3 курс ұйымдастыру және өткізу

1 іс-шара. Облыстың орта білім беру ұйымдарында кемінде 300 педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша кемінде 3 курс ұйымдастыру және өткізу

Маңғыстау
облыстық білім
басқармасынан
курстан өтетін
мұғалімдер
тізімі алынды.

«Өрлеу» «БАҰО» АҚФ Маңғыстау облысы

бойынша кәсіби даму ұйымымен 28 қазан-14 қараша аралығында курс өткізу туралы институты

17 қазанда 2025 №238 келісім шартына

отырылды. Курстың кестесі жасақталды. 28 қазан -1 қараша аралығында 1 кезең бойынша 6 пән (қазақ тілі, математика, орыс тілі, биология, бастауыш, химия) бойынша оқыту курсынан 144 мұғалім, 2 кезеңде 3 пән (қазақ тілі, математика, физика) бойынша 74 мұғалім өтті, 3 кезеңде 3 пән бойынша

8

курс (қазақ тілі, математика, география) 82 оқудан өтті. Жалпы курстан өткен сертификат алған мұғалім саны 300, 12 курс пәннен.

<https://www.instagram.com/p/DQ6FEr3DpnF/?hl=ru> https://www.instagram.com/p/DQBM0idiK_s/?hl=ru&img_index=1

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы.

Жобаны іске асыру туралы қорытынды жария презентация

Шарт талаптарына сәйкес, 2025 жылғы желтоқсан айында жобаны іске асыру қорытындылары бойынша қорытынды жария презентация дайындалып, өткізілді. Презентация барысында жобаның негізгі мақсаттары мен міндеттері, іске асырылған іс-шаралар, қол жеткізілген сандық және сапалық көрсеткіштер, сондай-ақ жобаның әлеуметтік әсері жан-жақты таныстырылды.

Қорытынды презентацияның материалдары бойынша бір рет скриншот және сілтеме дайындалып, жарияланды, сонымен қатар жобаның нәтижелері туралы әлеуметтік желілерде бір ақпараттық жарияланым орналастырылды. Аталған жарияланымдар арқылы жобаның қорытынды нәтижелері кең аудиторияға жеткізіліп, жобаның ашықтығы мен есептілігі қамтамасыз етілді.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

Жобаның барысы бойынша жұртшылықты ақпараттандыру

Жобаның жүзеге асырылған кезеңінде жұртшылықты ақпараттандыру бойынша бірқатар іс-шаралар өткізілді: кемінде 3 баспасөз релизі және 3 жергілікті басылымдағы мақала жарияланды, жобаның басталғандығы жөнінде әлеуметтік желіде 1 пресс-релиз таратылды, БАҚ-қа кемінде 3 пресс-анонс берілді, қордың, серіктестердің және білім басқармасының әлеуметтік желілерінде кемінде 3 ақпараттық жарияланым жасалды, шаралар барысы бойынша 12 бейнеролик және кемінде 12 рилс дайындалып, әлеуметтік желілерде кемінде 2 рет жарияланды, сондай-ақ кемінде 6 блогер арқылы ақпарат таратылды; контент жоспар ай сайын кемінде 1 рет жаңартылып отырды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жоба Маңғыстау облысының орта білім беру ұйымдарында оқушылардың жетістігіне әсер ететін контекстік факторларды анықтау, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы білім беру сапасын жақсарту және оқушылардың білім деңгейін бағалау мақсатында жүзеге асырылды. Жобаның нақты нәтижелері бойынша 1024 оқушы (4, 8–9 сыныптар) сауалнамаға қатысты, 20 мектеп қамтылып, әр мектепте бақылау және бағалау жұмыстары жүргізілді. 300 педагог кәсіби курстан өтті (12 курс, 8 пән), олардың қанағаттану деңгейі 96%-ды құрады.

Сонымен қатар, 43 қатысушы қорытынды шараға қатысып, сарапшылармен танысты. Сапалық көрсеткіштер бойынша оқушылардың білім деңгейі мен сабақ мазмұны нақты талданып, педагогтердің сабақ беру сапасы артты, контекстік факторларды анықтау арқылы білім алушылардың жетістігін көтеруге бағытталған ұсыныстар берілді, ал бұл ұсыныстар мектеп басшылары мен педагогтар тарапынан іске асырылды. Жобаның ұзақ мерзімді әсері білім беру сапасының тұрақты жақсаруы, оқушылардың жетістігінің артуы, мектептерде мониторинг және бағалау жүйесінің қалыптасуы, педагогтердің кәсіби дамуының жалғасуы және жергілікті білім экожүйесінің дамуы арқылы көрінді.

Курстан өткен 300 педагог өз тәжірибесін әріптестерімен бөлісіп, жаңа әдістемелер мен технологияларды сабақтарда қолдануды жалғастырады, ал мектептерде бақылау мен бағалау тәжірибесі тұрақты түрде жүргізіледі.

Жобаның тұрақтылығы педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің сақталуы, мониторинг және бағалау жүйесінің орнығуы, ақпараттық және аналитикалық базаның қалыптасуы, әлеуметтік серіктестіктер мен желілердің дамуы, сондай-ақ ұзақ мерзімді білім беру әсері арқылы қамтамасыз етіледі. Жобаның нәтижелері мен құрылымдары ұзақ мерзімге бейімделген, педагогтердің кәсіби дамуы мен оқушылардың білім сапасын арттыру тұрғысынан тұрақты әлеуметтік және білім беру әсерін береді.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба аясында ауқымды талдау және практикалық жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, 1024 оқушы сауалнамаға қатысып, білім алушылардың оқу жетістіктеріне әсер ететін негізгі контекстік факторлар анықталды. Жоба шеңберінде 20 мектеп қамтылып, сабақтарға жүйелі түрде бақылау және бағалау жүргізілді, сондай-ақ мұғалімдермен 20 жұмыс кездесуі ұйымдастырылды.

Педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыру мақсатында 300 педагог кәсіби құзыреттілікті арттыру курстарынан өтті. Барлығы 12 курс (8 пән бойынша) ұйымдастырылып, курстан өткен педагогтердің қанағаттану деңгейі 96 пайызды құрады. Бұл көрсеткіш оқыту бағдарламасының сапасы мен мазмұнының тиімділігін дәлелдейді.

Жоба қорытындысы бойынша сарапшылар мен педагогтердің қатысуымен талқылаулар өткізіліп, білім беру ұйымдарына арналған нақты ұсынымдар пакеті әзірленді. Аталған ұсынымдар оқу процесін жетілдіруге және білім сапасын арттыруға бағытталған нақты іс-шараларды іске асыруға мүмкіндік берді.

Сауалнама мен талдау нәтижелері мектеп басшылары мен педагогтерге ұсынылып, алынған көрсеткіштер негізінде оқу процесін жақсарту

бойынша нақты басқарушылық және әдістемелік шешімдер қабылданды. Педагогтердің кәсіби курстардан өтуі олардың оқыту әдістемесін жаңғыртуына және сабақ беру сапасын арттыруына ықпал етті. Сонымен қатар сабақтарды бақылау және бағалау жүйесі енгізіліп, оқушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалау тетігі қалыптастырылды.

Қорытындылай келе, жоба өз мақсаттарына толық қол жеткізді: педагогтердің кәсіби құзыреттілігі артты, оқушылардың білім деңгейін анықтау және көтеру үшін жүйелі жұмыс жолға қойылды, сондай-ақ білім беру сапасын жақсартуға бағытталған нақты және өлшенетін іс-шаралар табысты іске асырылды.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: ауытқу жоқ.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаға дейін Маңғыстау облысының мектептерінде оқушылардың оқу жетістіктеріне әсер ететін контекстік факторлар жүйелі түрде зерттелмеген, сондай-ақ оларды талдап, пайдалануға мүмкіндік беретін бірыңғай мониторинг жүйесі қалыптаспаған еді. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен сабақ беру әдістемелерінің деңгейі мектептер арасында әркелкі болып, сабақтарда бақылау және бағалау үдерістері тұрақты түрде жүргізілмейтін.

Жоба аяқталғаннан кейін жағдай айтарлықтай өзгерді. Жоба аясында 1024 оқушы сауалнамаға қатысып, олардың оқу жетістіктеріне әсер ететін негізгі факторлар анықталды. Бұл алынған деректер білім беру стратегиясын нақтылауға және басқарушылық шешімдерді дәлелді түрде қабылдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар 20 мектеп қамтылып, сабақтарда жүйелі бақылау мен бағалау жүргізілді, нәтижесінде мұғалімдердің сабақ беру сапасы тұрақты мониторингтен өтті.

Педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыру мақсатында 300 педагог кәсіби курстардан өтіп, сабақ берудің әдістемелік сапасы едәуір жақсарды. Оқыту процесіне заманауи педагогикалық технологиялар мен тиімді әдістемелер енгізіліп, бұл оқыту сапасының артуына оң әсерін тигізді. Жобаның қорытынды кезеңінде сарапшылар мен педагогтердің қатысуымен талқылау өткізіліп, мектептерде білім сапасын арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар әзірленіп, практикалық іс-шаралар қабылданды.

Проблемаларды және міндеттерді шешу деңгейін бағалау нәтижесінде оқушылардың жетістігіне әсер ететін контекстік факторларды зерттеу және талдау жұмыстары толық орындалғаны анықталды. Педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету және сабақ сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспарға сәйкес толық жүзеге асырылды. Сонымен бірге мониторинг пен бағалау жүйесі енгізіліп, мектептерде тұрақты бақылау жүргізуге мүмкіндік беретін тетіктер қалыптасты, нәтижесінде негізгі проблемалар шешімін тапты.

Қорытындылай келе, жоба Маңғыстау облысының мектептерінде білім беру сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін көтеруге және оқушылардың оқу жетістіктерін жүйелі түрде бақылауға бағытталған нақты әрі өлшенетін әлеуметтік өзгерістер әкелді. Жоба шеңберінде қойылған проблемалар мен міндеттер толық көлемде шешілді.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
1724	637	1087

2) Санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:

1724	524	239	2	592	2	58	-	1	-	-

3) Жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
1724	1024	-	239	113	125	103	18

3. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Жобаның нысаналы топтарын оқушылар, педагогтер және мектеп басшылары құрады. Жоба аясында нақты сандық және сапалық нәтижелерге қол жеткізілді.

Сандық көрсеткіштер бойынша, 1024 оқушы сауалнамаға қатысып, олардың оқу жетістіктеріне әсер ететін контекстік факторлар анықталды. Оның ішінде 4-сыныпта – 486 оқушы, ал 8–9-сыныптарда – 538 оқушы қамтылды. Сонымен қатар 20 мектепте сабақтарға бақылау және бағалау жүргізіліп, мұғалімдермен 20 жұмыс кездесуі өткізілді. Педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыру мақсатында 300 педагог кәсіби құзыреттілікті арттыру курстарынан өтті. Аталған курстар 12 курс аясында 8 пән бойынша ұйымдастырылып, курстан өткен педагогтердің қанағаттану деңгейі 96 пайызды құрады. Жобаның қорытынды кезеңінде 43 қатысушы қатысқан іс-шара өткізіліп, олар сарапшылардың ұсынымдарын тыңдап, талқылауға қатысты.

Сапалық өзгерістер тұрғысынан алғанда, оқушылардың білім деңгейін бағалаудың жүйелі тетігі енгізіліп, сабақ сапасын жақсартуға бағытталған нақты ұсынымдар қабылданды. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі айтарлықтай артты, сабақ беру әдістемелері жаңартылып, оқу процесіне заманауи білім беру технологиялары енгізілді. Мектептерде мониторинг пен бағалау мәдениеті қалыптасып, сабақтарға тұрақты бақылау жүргізу тәжірибесі орнықты.

Сарапшылар мен педагогтер тарапынан берілген ұсынымдар білім беру процесінде практикалық түрде қолданылып, оқушылардың оқу жетістігін арттыруға бағытталған нақты іс-шаралар іске асырылды. Қорытындылай келе, жоба нәтижесінде нысаналы топтар нақты әрі өлшенетін сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізді. Педагогтердің кәсіби деңгейі артты, оқушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың жүйесі қалыптасты және білім беру сапасын артты

2) жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):

Жоба аясында мектептерде бұрыннан өзекті болып келген бірқатар жүйелі проблемалар шешімін тапты. Атап айтқанда, оқушылардың оқу жетістіктеріне әсер ететін контекстік факторлардың толық зерттелмеуі, сабақ сапасын бағалаудың бірыңғай жүйесінің болмауы және педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің әртүрлі деңгейде болуы негізгі проблема ретінде анықталып, жоба шеңберінде кешенді түрде қарастырылды.

Жобаның ұзақ мерзімді оң әсерлері ең алдымен білім беру сапасының тұрақты жақсаруымен байланысты. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру нәтижесінде сабақ беру әдістемелері жаңарып, заманауи әдіс-тәсілдер мен білім беру технологиялары оқу процесінде тұрақты түрде қолданылатын болады. Бұл өз кезегінде оқыту сапасының ұзақ мерзімде жоғары деңгейде сақталуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруға бағытталған нақты негіз қалыптасты. Контекстік факторларды анықтау және талдау нәтижелері білім беру стратегиясын дәлме-дәл жоспарлауға жол ашып, оқушылардың білім деңгейінің кезең-кезеңімен өсуіне ықпал етеді.

Жоба барысында 20 мектепте енгізілген мониторинг және бағалау жүйесі сабақ сапасын бақылауды жүйелі түрде жүргізуге мүмкіндік беріп, бұл тәжірибе ұзақ мерзімде оқу процесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Педагогтердің кәсіби дамуы да жоба аяқталғаннан кейін жалғасын табады: курстан өткен 300 педагог алған білімдері мен тәжірибелерін әріптестерімен бөлісіп, мектептерде үздік педагогикалық практикаларды енгізуді жалғастырады.

Бұдан бөлек, жоба аясында қалыптасқан сарапшылар мен педагогтер арасындағы кәсіби байланыстар білім беру экожүйесінің дамуына ықпал етіп, алдағы уақытта түрлі оқу-әдістемелік және тәжірибелік іс-шаралар шеңберінде тұрақты серіктестікке ұласады.

Сонымен бірге болжамды теріс өзгерістер де ескерілді. Ұзақ мерзімде педагогтердің жаңа әдістемелерді жеткілікті деңгейде қолданбауы немесе мектеп әкімшілігі тарапынан қолдаудың әлсіреуі мүмкін. Алайда бұл тәуекелдер жоба аясында енгізілген бақылау және мониторинг жүйесі арқылы төмендетіледі.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жоба оқушылардың білім деңгейін жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік беріп, оқу процесін жетілдіруге және академиялық нәтижелерді арттыруға нақты негіз қалады. Қалыптасқан бағалау тетіктері арқылы оқу жетістіктерін талдау жүйеленіп, педагогтерге білім алушылардың қажеттіліктеріне сай түзету жұмыстарын жүргізуге жол ашылды.

Жоба аясында 300 педагогтің кәсіби дамуы қамтамасыз етіліп, бұл педагогикалық кадрлардың сапасын арттыруға, сабақ беру әдістемесін жаңартуға және инновациялық оқыту тәсілдерін практикаға енгізуге мүмкіндік берді. Алынған білім мен дағдылар оқу процесінің тиімділігін арттырып, білім беру сапасының жалпы деңгейіне оң ықпал етті.

Мониторинг және бағалау жүйесінің енгізілуі мектептерде білім беру сапасын ұзақ мерзімге тұрақтандыруға жағдай жасап, сабақ сапасын жүйелі бақылау мен талдауды қамтамасыз етті. Сонымен қатар сарапшылар мен педагогтар арасындағы кәсіби ынтымақтастық нығайып, білім беру экожүйесінде тәжірибе алмасу тұрақты сипатқа ие болды.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, педагогтердің кәсіби деңгейінің артуы және оқушылардың оқу жетістіктерінің жақсаруы өңірдегі білім беру сапасын көтеріп, ұзақ мерзімде еңбек нарығына бәсекеге қабілетті, сапалы дайындалған кадрларды қалыптастыруға ықпал етеді. Жоба шеңберінде мектептерде білім беру процесін тиімді ұйымдастыру, ресурстарды ұтымды пайдалану және оқыту сапасын арттыруға бағытталған тәсілдер енгізіліп, бұл бюджеттік қаражатты тиімді пайдалануға мүмкіндік берді.

Білім сапасының артуы өңірдің экономикалық даму перспективаларын қолдап, жоғары білім деңгейі мен кәсіби дағдылардың сапасы еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті арттырады.

Қорытындылай келе, жоба әлеуметтік тұрғыдан оқушылар мен педагогтердің дамуына, білім беру сапасын жақсартуға елеулі үлес қосты, ал экономикалық жағынан өңірдің білім беру саласына салынған инвестициялардың тиімділігін арттыруға оң әсер етті.